

АНДАТПАСЫ

6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Несіпбаева Индира Сейсенқызының
«Жер реформасының жаңа кезеңі жағдайында Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы кооперациясын құқықтық реттеу: халықаралық тәжірибе және ұлттық практика» тақырыбындағы диссертациясының

Жұмыста халықаралық құқықтық тәжірибені ескере отырып, Қазақстан Республикасындағы жер реформасының жаңа кезеңі жағдайындағы ауыл шаруашылығы кооперативтерінің құқықтық проблемалары зерттелді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Нарықтық қатынастарға көшу егемен Қазақстанның ауыл шаруашылығы кооперациясы тұжырымдамасын қайта қарауды талап етті және осыған байланысты еліміздегі осы аграрлық кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін құқықтық реттеудегі жаңа тәсілдерді негіздеу қажеттілігі туындады. 2015 жылы «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» жаңа заң, Кәсіпкерлік Кодекс қабылданып, олар қоғамдық қатынастардың ауыл шаруашылығы кооперациясы саласын дамытуға елеулі өзгерістер енгізді. Ауыл шаруашылығы кооперативтері аграрлық кәсіпкерліктің дербес нысаны болып табылады және осыған байланысты ҚР Кәсіпкерлік кодексін ескере отырып, олардың құқықтық ерекшеліктерін зерделеу сұранысқа ие болып, өзектілігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, 2015 жылы ҚР Жер кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Олар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлермен тікелей байланысты болды. Бұл өзгерістер елде көптеген наразылықтар туғызды, соның нәтижесінде оның қолданылуын 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін тоқтата тұру 2022 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстан Президенті Қ. К. Тоқаев: «Кооперация кезінде жер мен активтерге деген барлық құқықтар сақталады. Кооперация шикізатты сатып алу, өнім өндіру және оны сатуды ұйымдастыру барысында көптеген шаруашылықтардың күш жұмылдыруға мүмкіндік береді. Вертикальді кооперация аясында жеке қосалқы шаруашылықтың әлеуетін пайдаланған абзал. Жеке шаруашылық миллиондаған ауыл тұрғындарына табыс табуға мүмкіндік бере алады. Оларды өңірлік азық-түлік хабтарын құруға жұмылдыру керек. Біз горизонтальді кооперацияның әлеуетін де естен шығармауымыз қажет. Онсыз агроөнеркәсіп кешенінде қарқынды даму болмайды», -деген болатын. Ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамытуға бағытталған арнайы заң мен басқа да құқықтық актілердің қабылдануына, олардың қызметін қолдаудың қабылданып жатқан шараларына қарамастан, аграрлық кәсіпкерліктің бұл саласы тұрақты дамуға қол жеткізе алмады. Осыған байланысты, ауыл шаруашылығы кооперативтерінің теориясы мен практикасының құқықтық мәселелері тұжырымдамалық деңгейде теориялық мәселелерді мұқият талдау мен анықтауды және жалпы заңдылықтар мен ұлттық ерекшеліктер практикасын зерделеуді, кооперациялаудың тиімді жүйесін қалыптастырудың озық шетелдік тәжірибесін ескеруді қажет етеді. Жоғарыда

аталған барлық алғышарттар диссертациялық зерттеу тақырыбының маңыздылығы мен өзектілігін растайды.

Зерттеу объектісі – ауылшаруашылық кооперативтері саласындағы қоғамдық қатынастар. **Зерттеу пәні** – ауыл шаруашылығы кооперативтерін реттеудің құқықтық тетігі, атап айтқанда Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, ведомстволық нормативтік құқықтық актілер, ауыл шаруашылығы кооперативтеріне қатысты бөлігінде азаматтық, жер, аграрлық, экологиялық және өзге де құқық салаларындағы шетелдік мемлекеттердің заңнамасы болып табылады.

Ұсынылған диссертациялық зерттеудің мақсаты – ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ұлттық және халықаралық теориясы мен практикасына кешенді талдау жүргізу, олардың қызметінің ұйымдық-құқықтық тетігін талдау, негізгі проблемаларды анықтау, оларды шешу үшін теориялық негіздемелер мен практикалық ұсынымдар әзірлеу болып табылады. Қойылған мақсатқа жету үшін жұмыста келесі міндеттер шешілді: ауыл шаруашылығы кооперативтерін құқықтық реттеудің халықаралық және ұлттық тәжірибесін зерттеу және осы саладағы халықаралық құқықтық нормаларды қабылдауын ескере отырып, ҚР заңнамасының мазмұнын зерттеу; егемен Қазақстанда ауыл шаруашылығы кооперациясының қазіргі ұйымдық-құқықтық тетігін қалыптастырудың алғышарттарын зерделеу және ауыл шаруашылығы кооперативтерінің құқықтық жағдайының ерекшеліктерін анықтау. аграрлық кәсіпкерлік; ауыл шаруашылығы кооперативтерінің жер учаскелерінің құқықтық режимінің ерекшеліктерін анықтау және осы жерлерге меншік құқығы мен өзге де құқықтарды іске асыру тетігін зерделеу; ауыл шаруашылығы кооперативтерін реттеудің ұйымдық-құқықтық тетігін зерделеу, осы механизмдегі мемлекеттің орны мен рөлін айқындау; ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қызметін мемлекеттік қолдау шараларының мазмұнын ашу және олардың тиімділігін арттырудың құқықтық жолдарын ұсыну; Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің аграрлық кәсіпкерлік саласындағы халықаралық ынтымақтастығы мен цифрландырудың құқықтық формаларын зерделеу және осы саладағы ҚР заңнамасын жетілдіру жолдарын ұсыну; зерттелетін салада авторлық ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу әдіснамасы оның негізгі міндеттерін түсінумен анықталады. Зерттеудің қойылған міндеттерін шешу үшін жалпы ғылыми әдістер (диалектикалық әдіс, статистикалық, жүйелік, тарихи әдіс), сондай-ақ жүйелі тәсіл, құрылымдық-функционалдық және салыстырмалы-құқықтық (салыстырмалы) талдауды қолдану әдістері пайдаланылды. **Зерттеудің теориялық негізі.** Зерттеудің теориялық негізін құқық теориясы, халықаралық құқық, азаматтық, аграрлық және жер құқығы саласындағы ғылыми еңбектер, экономика, аграрлық ғылымдар, экология және т. б. салалардағы ғалымдар мен практиктердің еңбектері құрады. **Диссертацияның құқықтық негізін** ҚР Конституциясы, Жер және Кәсіпкерлік кодекстері, «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» ҚР Заңы және басқа да нормативтік құқықтық актілер, ауыл шаруашылығы

кооперативтерінің қызметіне қатысты халықаралық шарттар мен келісімдер қалайды.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы: нарықтық бағдарланған уақыттағы ауыл шаруашылығы кооперативтерінің дамуы үшін экономикалық және құқықтық жағдайлар зерделенді; кооперацияның халықаралық деңгейде дамуы зерттелді және оның ауыл шаруашылығы кооперациясының заманауи моделінің қалыптасуы мен дамуындағы түсінігі анықталды; ауыл шаруашылығы кооперативтерінің аграрлық кәсіпкерлік нысаны ретіндегі құқықтық жағдайының ерекшеліктері ашылды; ауыл шаруашылығы кооперативтерін реттеудің ұйымдық-құқықтық тетігінің мазмұны, қазіргі жағдайда олардың қызметін мемлекеттік қолдау шаралары зерделенді және оларды жетілдіру жолдары ұсынылды; Қазақстан Республикасының халықаралық ынтымақтастығының құқықтық формалары және ауыл шаруашылығы кооперативтерінің аграрлық кәсіпкерлік саласындағы цифрландыру зерделенді.

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар:

1. Егемен Қазақстанның қалыптасуы мен даму кезеңінде ауыл шаруашылығы кооперативтерінің дамуы қайшылықты және күрделі сипатта болды, себебі бұл салада экономикалық қайта құрулардың дайын шешімдері болған жоқ, тұжырымдамалық тәсілдер теориялық зерттеулерді қажет етті, практикалық шешімдер басқа елдердің тәжірибесін зерделеуді талап етті. Бұл бағыттағы нарықтық өзгерістер, социалистік постулаттардан бас тарту шешуші роль атқарды. Егеменді Қазақстанның экономикалық реформаларды жүзеге асырудың алғашқы жылдарындағы тәжірибесі қазіргі ауыл шаруашылығы кооперативтері – бұл аграрлық жер өзгерістерінің, мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен колхоздарды жекешелендірудің нәтижесі екендігін көрсетті, оларды қалыптастырудың алғышарттарын әлеуметтік, экономикалық және құқықтық алғышарттар деп бөлуге болады. Қарастырылып отырған алғышарттардың әлеуметтік-экономикалық блогына елде нарықтық қатынастардың қалыптасуы, мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруді жүзеге асыру, жерге мемлекеттік монополиядан бас тарту, аграрлық жер реформасын жүргізу жатады. Қазақстандық тәжірибеде ауыл шаруашылығындағы жекешелендіру барысында елеулі бұзушылықтар орын алды. Атап айтқанда, мемлекеттік меншікке жатпайтын колхоздар, яғни кооперативтік кәсіпорындар жекешелендіруге ұшырады, бұл айтарлықтай теріс салдарға әкелді. Құқықтық алғышарттар – бұл басқарудың социалистік постулаттарынан бас тарту және конституциялық және нарықтық экономикалық қайта құрудың басқа деңгейлерінде құқықтық бекіту болып табылады. Қазіргі ауыл шаруашылығы кооперативтерін қалыптастыру мақсатында нарықтық қайта құруларды құқықтық реттеу әртүрлі бағыттарда жүзеге асырылды, оның құқықтық көздері кеелсі топтарға бөлінді. Біріншіден, бұл – ауыл шаруашылығындағы мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру процесін реттейтін құқықтық актілер. Екінші топ жер заңнамасымен ұсынылған, өйткені ауылшаруашылық құрылымдарының

қызметі жерді пайдаланумен тығыз байланысты. Бұл салада жер саласындағы құқықтық актілердің тұтас пакеті қабылданды. Үшіншіден, бұл ауыл шаруашылығы кооперативтерінің жекелеген бағыттарын регламенттеуге бағытталған заңнаманың қаржы, салық және өзге салаларының нормалары. Төртіншіден, бұл азаматтық заңнама, содан кейін кооперативтер туралы заңнама аясында дамыған нормалар. Онда өндірістік кооперативтің, ауылдық тұтыну кооперативінің формалары, түрлері бекітілді.

2. ХХІ ғасырда кооперативтер қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге нақты әсер ететін тиімді ұйымдық-шаруашылық құрылымды білдіреді. Бұл олардың рөлін мемлекеттік түсіну, олардың дамуын тек мемлекеттік емес, сонымен қатар мемлекетаралық және үкіметтік емес ұйымдардың жан-жақты қолдауы және қоғамдық қатынастардың осы саласын дамыту үшін тиімді құқықтық негіз болған жағдайда мүмкін болады. Кооперацияның халықаралық деңгейде дамуы түбегейлі өзгерістерге ұшыраған ұлттық заңнамаға елеулі әсер етті. 1991-1994 жылдардағы бірінші кезең – бұл ауыл шаруашылығында түбегейлі экономикалық өзгерістерді жүзеге асыру кезеңі. Ол шаруашылық жүргізудің социалистік формаларынан бас тарту, мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруді жүзеге асыру, жерге мемлекеттік монополияны жою, экономиканы мемлекеттік басқарудың нарықтық бағдарланған тәсілдерін, оның ішінде ауыл шаруашылығында кооперативтер қалыптастыру саласын енгізумен ерекшеленеді. Екінші кезеңде (1994-2015 жж.) азаматтық, содан кейін жалпы кооперативтік заңнаманың қалыптасуы орын алды, оның нормаларында жаңа нарыққа бағдарланған уақыттағы кооперативтердің өндірістік және тұтыну түрлері туралы ережелер қаланды. Үшінші кезеңде (2016 ж. бүгінгі күнге дейін) ауыл шаруашылығы кооперативтері арнайы заңда заңды түрде бекітілді. Қазіргі уақытта олардың одан әрі даму жолдары белсенді іздестірілуде.

3. Ауыл шаруашылығы кооперативі ауыл шаруашылығы өндірісін жүзеге асыру, сондай-ақ оны қайта өңдеу, өткізу, ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін сақтау, өндіріс құралдарымен және материалдық-техникалық ресурстармен жабдықтау және кооператив мүшелерін, оның ішінде кооперативтің қауымдасқан мүшелерін сервистік қызмет көрсетудің басқа да түрлерін жүзеге асыру арқылы табыс алуға бағытталған жеке меншік құқығындағы аграрлық кәсіпкерліктің ерекше формасын білдіреді. Ауылшаруашылық кооперативінің аграрлық кәсіпкерлігінің құқықтық жағдайының ерекшеліктері келесідей. Біріншіден, ол өндірістік кооперативтің ұйымдық-құқықтық формасындағы заңды тұлға болып табылады. Екіншіден, оның қызметі ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімдерін өндіру, қайта өңдеу, өткізу, сақтау, өндіріс құралдарымен және материалдық-техникалық ресурстармен жабдықтау салаларында бәсекелестік орта құруға бағытталған ауыл шаруашылығы қызметімен байланысты; инфрақұрылымды дамыту және ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндірушіден тұтынушыға тікелей жеткізуді қамтамасыз ету; кооператив мүшелерінің қажетті ресурстарды тиімді шарттарда сатып алуына

жәрдемдесу және олардың өндірістік және өзге де шаруашылық қызметін қаржыландыруға қол жеткізуге бағытталған. Үшіншіден, ӘКК-бұл бір жағынан қызметі табыс алуды көздейтін коммерциялық ұйым, ал екінші жағынан ол өзара көмек көрсету және өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында құрылады. Төртіншіден, жоғарыда көрсетілген бағыттарда бірлескен өндірістік және (немесе) өзге де шаруашылық қызметпен айналысатын жеке және заңды тұлғалар ӘКК мүшелері болып табылады. Бұл ретте кооператив мүшелерінің ауыл шаруашылығы кооперативінің қызметіне жеке еңбегімен қатысуы міндетті болып табылмайды. Бесіншіден, ӘКК қызметіне қауымдасқан мүшелер қатыса алады, олар ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруде, қайта өңдеуде, өткізуде, сақтауда, өндіріс құралдарымен және материалдық-техникалық ресурстармен жабдықтауда, кредиттеуде, сумен қамтамасыз етуде немесе басқа да сервистік қызмет көрсетуде өздерінің әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында қажетті қызметтер алуға құқылы. Алтыншыдан, ӘКК филиалдар мен өкілдіктер құруға құқылы. Бұл олардың қызметін жергілікті, өңірлік, республикалық және халықаралық деңгейлерде біріктіруге мүмкіндік береді.

4. Ауыл шаруашылығы кооперациясы саласындағы қатынастарды мемлекеттік реттеу – бұл елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, халықаралық аграрлық ынтымақтастықты дамыту мақсатында ауыл шаруашылығы кооперативтерін ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту әлеуеті ретінде дамытуға жәрдемдесетін құқықтық, экономикалық, әлеуметтік, ұйымдастырушылық және өзге де жағдайларды қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік шаралар кешені. Ауыл шаруашылығы кооперациясын басқарудың ұлттық жоспарын қабылдау, мемлекеттік, мемлекетаралық және үкіметтік емес ұйымдар тарапынан көмек көрсету және қолдау көрсету арқылы өзін-өзі басқаруды одан әрі дамыту олардың өсуіне және тиімді дамуына ықпал ететін болады.

5. Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ұйымдық-құқықтық формасын айқындау олардың құқықтық жағдайының ерекшеліктерін анықтауға бағытталған және оларды тиімді есепке алуға септігін тигізеді. Оларды жіктеудің келесі критерийлері ұсынылады. Біріншісі, кооперацияның негізінде интеграцияның тік және көлденең түрлері жатқан ауыл шаруашылығы кооперативтері. Бірінші топқа қызметі ауыл шаруашылығы өндірісін жүзеге асырумен байланысты басқа ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен бірлесіп құрылған кооперативтер кіреді. Екіншіден, қызметі кооператив мүшелеріне өңдеу, сақтау, тасымалдау, сату, жабдықтау, қызмет көрсету, несие беру, түрлі қызметтер көрсету және т.б. саласында сервистік және басқа да қызметтерді көрсетуге бағытталған кооперативтер, қызмет мерзімі бойынша ауылшаруашылық кооперативтері белгілі бір мерзімге немесе мерзімсіз құрылуы мүмкін, бұл олардың құрылтай құжаттарында реттелуі керек. Олардың қызметінің аумақтық қамтылуына байланысты

кооперативтер Ұлттық (жергілікті, өңірлік, республикалық) және халықаралық (трансұлттық) болуы мүмкін.

6. Халықаралық ынтымақтастық ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тиімділігін арттыруға және олардың тұрақты дамуына қол жеткізуге ықпал етеді. Осы саладағы халықаралық ынтымақтастықтың формаларын, деңгейлері мен қағидаттарын құқықтық регламенттеу талап етіледі, оның басымдықтары ретінде мыналарды: азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамытуды; олардың орнықты дамуға қол жеткізуін қамтамасыз етуді; ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту үшін еркін халықаралық сауда мен инвестицияларды дамытуды және қолдауды; ауыл шаруашылығы кооперативтері саласындағы халықаралық бастамаларға қатысуды; жеке-мемлекеттік серіктестік тәжірибесін кеңейтуді бекіту қажет. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы кооперативтерінің халықаралық ынтымақтастығының басым міндеттері жаһандық, трансшекаралық, өңірлік және екіжақты негізде шешілуі мүмкін.

Диссертациялық зерттеудің теориялық маңыздылығы – теориялық ережелер, ғылыми тұжырымдар мен ұсыныстар аграрлық құқықтық ғылымды, аграрлық кооперацияның ұлттық тұжырымдамасын дамытуға бағытталған. Диссертациялық зерттеудің практикалық маңыздылығы оның тұжырымдары мен ұсынымдарын қолдануға болатындығында: ауылшаруашылық кооперативтерін дамыту мәселелері бойынша заң шығаруды жетілдіру процесінде; қазіргі ауылшаруашылық кооперациясының құқықтық табиғатын ғылыми зерттеуді тереңдетуді қажет ететін аграрлық-құқықтық ғылымның ғылыми тұжырымдамасын дамытуда; қызметі ауыл шаруашылығы кооперативтерімен байланысты мемлекеттік және өзге де органдардың (жергілікті атқарушы органдар, ауыл шаруашылығы органдары, салық және кеден органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және т. б.) жұмысында диссертациялық зерттеудің белгілі бір ережелері «Құқық» циклі бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде пайдаланылуы, кәсіпкерлік және аграрлық мәселелер бойынша дәріс және практикалық сабақтарға енгізілуі мүмкін.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерін апробациялау. Зерттеу нәтижелері мен қорытындылары ғылыми конференциялар мен семинарларда баяндалып, жеті ғылыми жарияланымда, оның ішінде екі мақалада, ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған журналдарда, сондай-ақ Scopus базасында индекстелетін және CiteScore бойынша 35-тен жоғары процентиль бар журналдарда жарияланған екі ғылыми мақалада көрініс тапты. Диссертация І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің заң факультетінде дайындалып, осы факультеттің ғылыми семинарында талқыланды.

Диссертацияның көлемі мен құрылымы. Диссертацияның құрылымы мен көлемі зерттеудің негізгі мақсатына, сипаты мен логикасына сәйкес келеді. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, тоғыз бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздердің тізімінен, қосымшадан тұрады.